

## Біздің Санкт-Петербургтегі әріптестеріміздегі қызықты оқиға

2018 жылдың наурыздың 28 күні «Дискуссионная книжная площадка» студенттік жобасының аясында А.И. Герцен атындағы Ресей ұлттық педагогикалық университетінің (Санкт-Петербург қ.) Балалық институтында студенттер мен оқытушылардың, сонымен қатар Пушкин үйінің түлектерінің, оқытушыларының және аспиранттарының қатысуымен кездесу өтті.

А.И. Герцен атындағы РҰПУ-нің доценті, к.ф.н. Марина Костюхина балаларға арналған кітаптардың мәселелері бойынша қатысушыларды жинағанын айтты: «Пікірталас алаңы түнгедейін жалғасады, биыл біз пікірталас отырысын оқу сағаттарынан кейін 15.00 бастап, 22.00 бітірдік. Бұндай жағдайда тамақ пен сусыз болмас. Қатысушылар қоштасқысы келмей, университет жабылуынан кейін көшеде жалғастыруға тура келеді. Биылғы алаңның тақырыбы: «Балалар мен жасөспірімдер әдебиетіндегі нормаға қарсы шығу». Фотода көрінгендей, алғашқы рет қозғалған әлеуметтік-саяси мәселелер әріптестер арасында қызу пікірталасқа салынды».

Филология және көптілді білім беру институтының студенттері мен магистранстары, Марина Костюхинамен 2016 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ-не шақырылған-лектор ретінде келген уақытында танысты. Ресейдегі балалар әдебиеті бойынша танымал маман бізде де есімізде қалған қызықты пікірталас ұйымдастырған.

Болашақта жаңа кездесулер мен әріптестігіміздің жалғасуына үміттенеміз!

